



Балалар  
әдебиеті

Мүбәрак

ЖАМАНБАЛИНОВ

*Алма ағашы*



RARITY



PUBLISHING  
COMPANY LLC

**Мұбарак ЖАМАНБАЛИНОВ**

# *Алма ағашы*

*Өлеңдер, ертегілер,  
жұмбақтар, жаңылтпаштар*



Алматы  
«Раритет»  
2011





Балалар  
әдебиеті

Мүбәрак  
ЖАМАНБАЛИНОВ

*Алма ағашы*

Өлендер, ертегілер,  
жұмбақтар, жаңылтпаштар



RARITY  
PUBLISHING  
COMPANY LTD

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз-7

Ж 26

Қазақстан Республикасының  
Байланыс және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитеті  
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»  
бағдарламасы бойынша шығарылды

Серия 2002 жылдан бастап шығарылып келеді

Серияның негізін салған *З. Серікқалиұлы*  
Көркем безендірмесі негізін салған *А. Тіленшев*

**Жаманбалинов М.**

**Ж 26** Алма ағашы: Өлеңдер, ертегілер, жұмбақтар, жаңылтпаштар  
/ Құраст. Б. Қошым-Ноғай. – Алматы: Раритет, 2011. – 288-б. –  
«Алтын қор» сериясы.

**ISBN 978-601-250-101-8**

Жас ұрпақ тәрбиесі мен балалар әдебиетін ұштастыра  
қараған ұстаз ақын Мүбәрак Жаманбалинов (1924-2010) өз  
оқырмандарын қуаныш пен шаттыққа бөлей беретін мол әдеби  
мұра қалдырды. Оның хәм күлдіріп, хәм ойлаңдыратын ойнақы  
өлеңдері, таңғажайып оқиғалы сырлы ертегілері, жұмбақтары  
мен жаңылтпаштары бүлдіршіндердің есінде ұзақ сақталатыны  
күмәнсіз. Бұл кітапқа ақынның кезінде оқырман қауымнан оң  
бағасын алған таңдаулы туындылары енді.

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз-7

© Жаманбалинов М., 2011  
© «Раритет» баспа компаниясы, 2011  
© Безендірген М. Палаткин, 2011

**ISBN 978-601-250-101-8**

## БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚ



### **Бөбек жыры**

Біз қандаймыз, қандаймыз?  
Шұғылалы таңдаймыз.  
Күлімдеген күндейміз,  
Еш уайымды білмейміз.

### **«А» мен «Б»**

«А» дегенің — ана ғой,  
Ана деген — дана ғой.  
«Б» дегенің — бала ғой,  
Жұмсаса анаң, бара ғой.

### **«Әліппе»**

Мамасы әкеп Шәріпке  
Беріп еді «Әліппе»:  
Оқу қайда Шәріпке,  
Танымайды әріп те.

Қызыққан бір қалыппен  
Қарайды әрбір әріпке.  
Әйтеуір, бұл «Әліппе»  
Қымбат біздің Шәріпке.

### **Ескерткіш**

Мәз-мейрам боп жатырмыз,  
Думан бүгін қалада.  
Ашылады  
Батырдың  
Ескерткіші алаңда.  
Туы қанша қаланың!  
Гүлі қанша даланың!  
Біз де келдік,  
Көтеріп  
Еліміздің жалауын.  
Тарап кетті лезде  
Қуанышты жаңалық:  
— Осы батыр бір кезде  
Болған біздің қалалық.  
Көп болыпты досы да,  
Екен нағыз есіл ер.  
«Отанына осында  
Сертін берген», — деседі ел.  
Ұқсапты осы  
Айдарлы  
Тас мүсінге жас жігіт.  
Қайран арыс  
Майданды  
Кешіп өткен қасқиып,  
Ескерткішке қараймыз,  
Ол да бізге қарайды.  
Асқар шыңға балаймыз  
Жерлес батыр ағайды!



### **Түймедей-ақ көзіммен**

Мамамды да көремін  
Түймедей-ақ көзіммен.  
Папамды да көремін  
Түймедей-ақ көзіммен.

Аулымды да көремін  
Түймедей-ақ көзіммен.  
Ай, Күнді де көремін  
Түймедей-ақ көзіммен.

Не сиқыры бар оның,  
Таң қаламын өзім де!  
Қасиеті ме анамның  
Шаттығым да көзімде!

### **Мереке күні**

Өмірінде бір

Сапқа

Алғаш барған Гүлшаттан:

— Не көрдің? — деп сұрадық,

— Мұрат жүрді гүл алып,

Ағайлар да ту алып

Өтті, — деді ол қуанып.

— Алып жүрді ұландар,

Портреттер, ұрандар.

Желбіреген алауша

Менде мынау жалауша.

— Ал папаң не көтеріп

Жүрді сапта? — деп едік:

— Папам, — деді ол, өте нық, —

Жүрді мені көтеріп!

### **Балапан**

Сенің атың — балапан,

Оның аты — балақан.

Балапандар шоқуда,

Балақандар оқуда.

### **Ата тілегі**

Қойдың басы алдында,  
Атам оны алды да,

Кесіп беріп құлақты,  
Мені әуелі қуантты:

— Жақсы сөзді құлағың,  
Тыңдасын! — деп, шырағым.

Бекке тиді тіл ұшы,  
«Тілмар бол» деу — мұнысы.

Көзді ұсынды Асанға:  
— Қырағы бол қашанда!

Шай қасығын батырып,  
Миын алып ақыры:

— Болыңдар, — деп, — ақылды, —  
Бәрімізге татырды...

### **Көрші атам**

Күнде үйінің қасынан,  
Көрші атамды көремін.  
Жүгіріп кеп асыға,  
Оған сәлем беремін.

Қолымды ол,  
Күліп кеп,  
Иіліп тұрып алады.  
— Міне, нағыз жігіт! — деп,  
Сүйсініп бір қалады.

### **Тазалық**

Жуың, жуың,  
Жуынсақ,  
Қандай жақсы, қуыршақ!

Әйтпегенде, бөпешім,  
Кірлеп кеткен екенсің.

Қазір аппақ боласың,  
Қуанады мамашың.

### **Көзі әжемнің көрмейді**

Көзі әжемнің көрмейді,  
Қармалайды қолымен.  
Көрмесе де ол мейлі,  
Жақсы көрем оны мен.

Су құямын қолына,  
Ұстатамын таяғын.  
Галошын ба?  
Оны да  
Тауып бере қоямын.

Ол қаласа,  
Әр үйге  
Апарамын жетектеп.  
Орындаймын, әрине,  
Айтқан сөзін екі етпей.

Көрмесе де әжекем,  
Мен көрем ғой,  
Көремін!  
Хат танысам тек ертең,  
Газет те оқып беремін.

### **Менің әжем**

Алдағы күзде,  
Үлкен той бізде:  
Толады әжем  
Жүзге,  
Дәл жүзге.

Әжемнің біл, сен,  
Осынша жасын.  
Жүз деген — білсең,  
Тура бір ғасыр.

Жүзге кеп қайың,  
Морт сынар қурап.  
Ал әжем жайын,  
Біле бер сұрап.

Күші ме?  
Күш жоқ,  
Жүр таяқ сүйеп.  
Тісі ме?  
Тіс жоқ,  
Құр қызыл иек.

Кәзі ме?  
Кәзі  
Көрмейді түк, ~~түзі~~  
Сөзі ме?  
Сөзі  
Қызық-ақ, тіпті.

Ол айтса, бітгі,  
Тыңдайды мамам.  
Папам да мықты  
Қорқады одан.

Өзіме төніп,  
Ұрысса олар:  
Әжем ғой менің  
Араша болар.

Деймін де:  
— Қалай?  
Солай ма екен? —  
Әжеме қарай  
Жантая кетем.

Құшақтап ол да,  
Дейді: «Әкем, көкем!»  
Мен мүлде сонда,  
Еркелеп кетем.

Қолы оның қандай,  
Сипаса аз-ақ:  
Ұйқыға балдай  
Шомамын, ғажап!



### **Биыл беске қараймын**

Толмай бір-ақ жасқа да,  
Тәй-тәй жүре бастағам...

Екіге аяқ басып мен,  
Бөкпен жепшін қасықпен.

Үш жасыма келгенде,  
Өзім кигем жейдемді.

Төрт жасымда  
Әріптің  
Бәрін танып алыпшын.

Биыл беске қараймын,  
Жүзге дейін санаймын.

### **Баға**

Оқымап ем, «бір» алдым,  
Кейіп қалды мұғалім.

Әкеп едім «екілік»,  
Мамам шықты жекіріп.

«Үш» алғанда байқадым,  
Папам басын шайқады...

«Бес!» – деп едім бүгін кеп,  
Қалды бәрі күлімдеп!

### **Білгісі келеді**

Сұрағы көп-ақ, тіпті Құралайдың,  
Дегенмен ол орынсыз сұрамайды.

Бір күні таң қалдырды Құралайым:  
«Тіреусіз бұлттар неге құламайды?»

Немесе: «Қалай? — дейді, — неге? — дейді, —  
Аппақ қар қара бұлттан себелейді?»

Мұз неге ерігенде су болады?  
Су неге қайнағанда бу болады?

Қозыға қыста мейлі, күзде мейлі,  
Бөрік пен етік неге кигізбейді?»

«Осынша неге тәтті жүзім?» — дейді,  
«Бір гүл көк, бір гүл неге қызыл?» — дейді.

«Жасыл да, ақ гүлдер де шағаладай,  
Өнеді қара жерден бөрі қалай?..»

Құралай болса да әлі тым кішірек,  
Тұрады бәрін соның білгісі кеп.

### «Шофер»

Отырмын рөлде,  
Моторым, гүрілде!  
Ойыншық машинама,  
Тарт алға асыға.  
Сенімен тасимын,  
Көмір мен тасыңды.  
Таудай ғып артамын,  
Бидайды, арпаны.

Біркелкі зулаймын,  
Тым шұғыл бұрмаймын.  
Дөңес пе, еңіс пе,  
Бұдыр ма, тегіс пе,  
Мұқият барлаймын,  
Жолдан көз алмаймын.  
Шоферлер, себебі,  
Қырағы келеді.

Ал тоқта, машина,  
Қырманның басына!  
Түріп мен білекті,  
Қолға алып күректі,  
Бидайды, арпаны,  
Өзім-ақ артамын.  
Шоферлер, себебі,  
Еңбекқор келеді.

Ал, шофер, машинаң  
Тартты қос басына.  
Жебедей зуласын,  
Асаудай туласын,  
Педалды басып қал!  
Айтпақшы, асықпа!  
Шоферлер, себебі,  
Сабырлы келеді.

### **«P» әрпі**

— Үйренем, — деп, — қалайда, —  
Булықтым да, терледім.  
Тілім менің, алайда,  
«P» әрпіне келмеді.

Неткен әріп қырсыққан,  
Неткен әріп сиқырлы...  
Ызаланып,  
Тұмсықтан,  
Теуіп қапшын итімді.

Қабуға итім аз-ақ қап:  
— P-р... — деді, — P-р, — деді,  
Деп тұрғандай мазақтап:  
— Осыны айта білмедің...

### **Пойыз**

Паровозға қарашы,  
Түтінi бұлт бүркеген.  
Жалғыз өзі, санашы,  
Неше вагон тіркеген?

Пойызыңның далада  
Зулағаны қызық-ақ.  
Бір көшені қаладан,  
Жөнелгендей үзіп ап.

Сілкіндіріп барады,  
Орман, таудың талайын.  
Жүргізетін ал оны —  
Менің көрші ағайым.

### **«Бульдозерші»**

Сабын ағаш күректің  
Кеудесіне тірепті.  
— Бульдозер! — деп,  
Гүрілдеп,  
Трактор боп Пірімбет,  
Тазалап жүр кешелі  
Қар жамылған көшені...

## Шебер

Кіп-кішкентай Ақтайдың,  
Шеберін-ай, шеберін!  
Қиыстырып тақтайды,  
Өзі істейді керегін.

Қалай-қалай сүргілеп,  
Қалай-қалай қашайды!  
Қараторғай келер деп,  
Ұя да оған жасайды.

Қол арамен фанерден,  
Түрлі оюды ояды.  
Бояумен де сан әрлеп,  
Жұтындырып қояды.

Сондықтан да оны өркім:  
— Біздің осы Ақтайдың  
Он саусағы — он алтын, —  
Деп, қашанда мақтайды.

### **Су жүрек емеспін**

Сұрама әлгінде,  
Зәремнің кеткенін,  
Дәрігер  
Келгенде:  
«Емдеймін», — деп мені.

Қолына мақта алды,  
Үп-үшкір инесі.  
Жылауға шақ қалдым,  
Жалыңдым: «Тимеші!..»

Ол: «Жігіт бол!» — деді.  
Сипады басымды.  
Күлімдеп сөйледі,  
Сұрады жасымды.

— Осы күз, — дедім мен —  
Толтырам жетіні.  
Көрсеттім қолыммен  
Тісімнің кетігін.

— Мектептен қаласың,  
Жылама, балақай.  
Оқушы боласың  
Ұзамай, алақай!

Дегенде ол, кенеттен:  
— Дәріңді ек! — дедім, —  
Сен мені,  
Су жүрек  
Қояндай деп пе едің?!